

**«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Маралбек Ермұхаметтің
«Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы (лингвистикалық
аспектіде)» атты диссертациясына**

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазақ тілі – Еуразиялық кеңістіктегі түркі тілдерінің ортасында табиғаты ерек, бай да, кең әрі кен тіл. Қазақ тіл білімінің кез келген ғылыми тақырыптары – өзекті. Өйткені, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазақ тіл мәртебесін асқақтау, ғылыми негізді талдаулар мен сараптамаларын жасау, қолданыстық өрісін кеңейту – қашан да ғылыми-біліми өзекті, әрі аса маңызды мәселелер. Аталмыш диссертациялық тақырып – әрі философиялық, әрі лингвистикалық категориялар торабында қазақ тілінің ғылыми-теориялық бағытын, практикалық істерін дамытуда өзекті тақырып. Осы ретте, мөлшер категориясы – адамзаттың логикалық-философиялық дүниетанымының ортақ көріністері, адамзатқа тәуелсіз табиғат десек, оның лингвистикалық көріністерін әрбір этностың, ұлттың бояу-реңкті ерекшеліктері деуге болады.

Алтаистика, түркологиялық зерттеулер мен қазақ тіл білімінің іргелі концептуалдық зерттеулері үшін де бұл тақырыптың өзектілігі мен ғылыми маңыздылығы аса мол. Бұл тақырып қазақ лингвистикасының теориялық талдаулары мен пайымдауларын байытатынымен ерекше зерттеу тақырып деп айта аламыз.

Зерттеу тақырыбының тағы бір өзектілігі – қазақ тілінің лингвистикалық категорияларын айқындауында, оның ғылыми тұрғыдан толық зерттелмей, тіпті мүлдем айқындалмаған келгендігінде. Бір сөзбен айтқанда, бұрын-соңды ғылыми нысан ретінде жан-жақты зерттелмеген, ашылмаған жаңа заңдылықтары бар, күрделі де тың, өзекті тақырып деген сөз.

Сонымен қоса, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: *«Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай»*, – деп айтқандай, мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілінің ғылыми негізді кодтарын ашуда аталмыш диссертациялық жұмыс қазақ ұлттық сипаттағы кодтарының бірі «мөлшер категориясын» толық түгендеп отыр. Осы жағынан тілдің практикалық әрі қолданыстық өрісінің ғылыми сұраныстарын толық қанағаттандыра алады.

Демек, аталмыш тақырып, бір жағынан, жалпы тіл білімі, алтаистиканың, түркологияның, қазақ тілі білімінің ғылыми-теориялық тұжырымдарының дамуымен ұштасып жатыр деген сөз. Екінші жағынан философиялық, лингвистикалық аспектілерде ғылыми маңыздылығын көрсетіп тұр. Үшінші

жағынан қазақ тілінің мөлшер категориясының диахронды-синхронды тарихи парадимасының жөн-жосығын айқындап тұр.

Осы тұрғыдан сараптасақ, аталмыш диссертация тақырыбының практикалық қажеттілігі мен жалпы ғылыми-теориялық салмағы әрі өзектілігі төтенше екендігін ерекше шегелеп айтамыз.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Аталмыш диссертацияда ғылыми нәтижелері деп мыналарды нақты айта аламыз:

Издениші Маралбек Ермұхамет «I Мөлшер категориясын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері» атты 1-тарауында:

- Мөлшер категориясының философиялық мәнін әлемдік философтар, Пифагор, Зенон, Платон, Аристотель, Декарт, Кант, Гегель, Маркс және Абай сынды данышпандардың еңбектеріне сүйене отырып толық сипаттап берген. Онысын «Кесте 2»-де нақты түйіндеген. Бұл мөлшер категориясын философиялық тұрғыдан жүйелеп, тиянақтап бергендігі үлкен ғылыми нәтижесі деп айтуға болады (Диссертацияның 15-бетінде).

- Мөлшер категориясының лингвистикалық мәні мен зерттелуіне кеңінен тоқталған. Әсіресе, әлемдік лингвистикадағы басты-басты теориялық концепцияларды, метрологиялық, функционалды-семантикалық, танымдық-логикалық тұстарын мейлінше қамтыған. Атап айтқанда, Бодуен де Куртэне, Ф.И.Петрушевский, В.Депман, С.К.Кузнецов, Дерек Болл, Стефан Солт, А.В.Степанова, В.В.Акуленко, В.Хинц және басқа да ғалымдардың ғылыми еңбектері толық талдауға алынған. Сонымен бірге, түркологиялық зерттеулердегі В.В.Радлов, Л.З.Будагов, Н.К.Дмитриев, А.Н.Баскаков, Е.А.Давыдович, П.Хамданов, С.Шакиров, Атмажа Емине, Шенел Мустафа сынды бірсыпыра ғалымдардың зерттеулерін қамтығаны өте құптарлық.

Сондай-ақ, мөлшер категориясының: «1) Құрылымдық бағыттағы зерттеулер» тараушасында М.Қашқаридің (260 мөлшер лексемасы) «Диуани лұғат-ит түрк» энциклопедиялық сөздігі мен А.Байтұрсынұлы («өлшеулік үстеулер»), Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы сында алаш қайраткерлерінің еңбектеріндегі ескі қазақ өлшемдері туралы нақты талдау жасаған.

- А.Ысқақов, Н.Оралбаева, Ж.Ш.Ахмедова, Т.Сайрамбаев, Ә.Хасенов, Ә.Болғанбаев, Ж.Көпбаева, Н.Сұлтаншәріпұлы, А.Құралұлы сынды зерттеушілердің қазақ тіліндегі өлшем жайындағы басты-басты зерттеулерін толыққанды талдаған.

- «2) Тілралық салыстырмалы зерттеулер» тараушасында О.С.Караджа, Г.А.Сарбасова (қазақ-түрік), Ә.К.Тоқтанова (қазақ-ағылшын), Р.Б.Джельдбаева (қытай- қазақ) сынды зерттеушілердің еңбектері талданған.

- «3) Танымдық, этимологиялық, түркологиялық бағыттағы зерттеулер» тараушасында Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Е.З.Қажыбек, Ж.Манкеева, Е.Аққошқаров, Н.Ф.Шаймердинова, К.Қ.Күркебаев, С.Жанпейісова, А.Қ.Тұрышев, Р.Т.Сабырханова сынды зерттеушілердің тақырыпқа қатысты барлық зерттеулері толық талданған.

- «4) Функционалды (жұмсалымды) тілтанымдық бағыттағы зерттеулер» тараушасында М.М.Копыленко, З.Қ.Ахметжанова,

А.Д.Данияров, Ы.Маманов, С.Исаев («Сан-мөлшер категория» терминін ұсынған), Б.Момынова, Қ.Т.Рысалды, М.Жолшаева, А.Жаңабекова, О.Жұбаева, Л.М.Қабылдина, Л.О.Асқар сынды зерттеушілердің тақырыпқа қатысты барлық зерттеулері толық талданған.

- Мөлшер категориясының тілдік табиғатын алғаш рет толыққанды анықтап, тұжырымдап, нақты ғылыми термин атауларын бекітіп беріп отыр. Бұл – диссертацияның ең басты ғылыми нәтижесі. Ізденуші Маралбек Ермұхаметтің өзі сөзімен айтсақ: *«Мөлшер категориясын зерттеудегі ендігі бір мәселе – аталған категорияның тұрақты терминдік атауы мен оған тән тілдік бірліктер. Мөлшер категориясының тілдік тұрғыдан зерттелу тарихына үңілгенде, аталмыш тақырыпта азды-көпті ізденістер, зерттеулер жасаған ғалымдар бұл тілдік құбылысты түрліше қарастырғанын көруге болады. Байқазанымыздай, бір тілдік құбылысқа әр алуан атау берілген. Алайда бұл атаулардың қай-қайсы да мөлшер семантикалы тілдік бірліктердің ішкі сипатын толық қамти да, аша да алмайды. Біз өз жұмысымызда тілдің барлық деңгейіндегі мөлшер семантикалы бірліктерді «мөлшер мәнді тілдік бірліктер» деген ортақ атаумен береміз. Ал лексикалық деңгейде қажетіне қарай «мөлшерліктер», «мөлшер мәнді сөздер», «мөлшерлік лексема», «өлшем бірліктер», «мөлшер» ұғымын білдіретін сөздер деген атауды қолдансақ, грамматикалық деңгейде «мөлшерлік форма», «синтетикалық форма», «аналитикалық форма» атауларын қолданамыз. Ал жалпы категорияға «сан-мөлшер» де, «көптік» те емес, «мөлшер категориясы» деген атауды қолданамыз».* (Диссертацияның 34-бетінде).

- «1.3 Мөлшер категориясының тілдік жүйедегі логика-семантикалық құрылымы және өзге шектес ұғымдармен байланысы» тараушасында «мөлшер» ұғымының тілдік жүйедегі логика-семантикалық құрылымын ғылыми тұрғыдан нақтылап, тұжырымдап сипаттаған (Кесте 3) (Диссертацияның 36-бетінде).

Ізденуші Маралбек Ермұхамет «II Мөлшер категориясының түркілік кезеңдегі (V–XIV ғғ.) тілдік сипаты» атты 2-тарауындағы:

- «2.1 Мөлшер категориясының түркі тілдерінің көне дәуіріндегі (V–IX ғғ.) функционалды-семантикалық өрісі» атты тараушасында көне түркі ескерткіштеріндегі мөлшер семантикалы лексикалық, морфологиялық, синтаксистік бірліктерін толыққанды талдаған;

- «2.2 Мөлшер категориясының түркі тілдерінің орта дәуіріндегі (V–XIV ғғ.) функционалды-семантикалық өрісі» атты тараушасында М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» энциклопедиялық сөздігіндегі мөлшер семантикалы лексикалық, семантикалық, грамматикалық формалар, мөлшер семантикасының морфологиялық деңгейдегі, синтаксистік деңгейдегі көрінісі, өлшем бірліктері де толыққанды талданған;

- «2.3 Мөлшер категориясының XIII–XIV ғасыр қыпшақ ескерткіштеріндегі функционалды-семантикалық өрісі» атты тараушасында XIII–XIV ғасыр қыпшақ ескерткіштеріндегі мөлшер семантикалы лексикалық,

морфологиялық бірліктер, синтаксистік бірліктері де мейлінше толыққанды талданған (Диссертацияның 50-131-беттерінде);

- Сондай-ақ, *-дай/-дей (-тай/-тей)* формасының (Кесте 4) және *-ша/-ше* формасының құрылымдық-семантикалық даму жолын (Кесте 5) (Диссертацияның 132-133-беттерінде) нақтылы жазба деректер негізінде талдап көрсеткен.

Ізденуші Маралбек Ермұхаметтің «III Мөлшер категориясының қазақ әдеби тілінің даму кезеңдеріндегі (XV–XX ғғ.) тілдік сипаты» атты тарауының «3.1 Мөлшер категориясының хандық дәуір (XV–XVIII ғғ.) тіліндегі функционалды-семантикалық өрісі» атты тараушасында, Хандық дәуір – қазақ тілі дамуының классикалық деңгейі қарастырылып, онда жыраулар поэзиясы тіліндегі мөлшер семантикалы эпитеттер, теңеулер, метафоралар, перифраздар (Диссертацияның 134-170-беттерінде) туралы жаңа тұжырымдарды жасаған.

«3. 2 Қазіргі қазақ тіліндегі (XIX–XX ғғ.) мөлшер категориясының функционалды-семантикалық өрісі» атты тараушасында:

1) «Көлем» ұғымының тілдік парадигмасы (Үлкен: *үлкен, дәу, дәй, орасан, дырау, әйдік, ірі, ұлы, нән, дыр, ноян, сом, зараң, шоң, алып, зор, қапсағай, еңгезердей, жардай, зіңгіттей, дардай* т.б.

Кішкене: *шағын, ықшам, кіші, ұсақ, уақ, майда, титтей, қаршадай, құйттай, құйтымдай, құйтақандай, құртақандай, титімдей, зәредей, шүкейттей, шүйкімдей* т.б.);

2) «Аудан» ұғымының тілдік парадигмасы (Үлкен: *кең, үлкен, ірі, байтақ, шалқар* т.б.; Кіші: *кіші, кішкентай, кішкене, шағын, ықшам, титімдей* т.б.);

3) «Сыйымдылық» ұғымының тілдік парадигмасы (Кең: *кең, үлкен, дәу, даңғарадай, далаяқтай* т.б.; Тар: *тар, шағын, кішкене, кішкентай, титімдей, битімдей* т.б.);

4) «Салмақ» ұғымының тілдік парадигмасы (Ауыр: *ауыр, зіл, сом, батпан, зілбатпан, зілмауыр, шомбал* т.б.; Жеңіл: *жеңіл, қаңбақ, қаңылтақ, қаңылтақтай* т.б.);

5) «Қашықтық» ұғымының тілдік парадигмасы (Алыс/жақын: *алыс, қашық, қиыр, шет, шыған, қиян, ұзақ, ары, шалғай, жырақ, аулақ, алыс, қырым, шырқау, қиуа, керік; жақын, таяу, тақау, бері, бермен, жуық, жиі, тығыз, жуыр* т.б.);

6) «Уақыт мөлшері» ұғымының тілдік парадигмасы (*ғасыр, жыл, ай, тәулік, күн, түн, сағат, минут, секунд, былтыр, биыл, келер жылы, кеше, бүгін, ертең, жаз, қыс, көктем, күз* т.б.);

7) «Күн мөлшері» ұғымының тілдік парадигмасы (*теңге, тиын, күміс, алтын, сом, бақыр, соқыр, жармақ, ділда, динар, жамбы, тайтұяқ, қойтұяқ, аттұяқ* т.б.);

8) «Сандық мөлшер» ұғымының тілдік парадигмасы (*сабақ, шоқ, буда, тал, топ, түп, ауыз, қора, үйір, бас, дана, пар, жұп, есе, жаңқа, қабат, қанат, түрлі, қатар, тізбек, шумақ, тұяқ, түйір, бет, орам, бума, парақ, тайпа, рулы, ауыл, ұя, шақпақ, келе, табын, отар* т.б.);

9) «Сан мөлшері» ұғымының тілдік парадигмасы (*ондаған, жүздеген, мыңдаған* т.б.);

10) «Сапалық мөлшер» ұғымының тілдік парадигмасы (*қызылырақ, семізірек, жуасырақ, әдемірек, арығырақ, қаралау, қоңырлау, арықтау, т.б.*);

11) «Қимыл мөлшер» ұғымының тілдік парадигмасы (*тез, жылдам, шапшаң, ақырын, баяу, сұлбыр т.б.*) (Диссертацияның 171-194-беттерінде) толыққанды талданып зерттелген, ғылыми жаңалақтары өте мол деп есептейміз.

Сөйтіп, аталмыш диссертациялық еңбекте қазақ тілі дамуының бес тарихи кезеңдері бойынша, мөлшер семантикалы синхронды және диахронды тіл бірліктерінің ұқсастығы мен айырым белгілері мейлінше ашылып, барынша толыққанды жан-жақты зерттелген. Сонымен қоса, мөлшер лингво-семантикасының поэтикалық тілдегі көрінісі, көркемдік тәсілдер арқылы берілу жолдары XV–XVIII ғасырларға жататын жыраулар поэзиясы негізінде алғаш рет анықталып, «поэтикалық мөлшерлік» ұғымы негізделді. Мөлшер категориясының 10 түрлі логикалық-семантикалық құрылымы мен микроөрісін лингвистикалық аспектіде алғаш рет анықтап, ғылыми дәлелдерімен беріп отыр. Ерекше айтарымыз, аталмыш 10 түрлі мөлшер семантикасының тарихи парадигмасын «Қосымшалар» деп аталатын кестелерінде «түркілік және қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері» сипаттарымен анық-қанық көрсетіп, ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берген (Диссертацияның 210-220-беттерінде).

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдаған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыстың 3 тарауы мен тараушалары ғылыми логикалық жүйеге тиянақты түрде келтірілген, әрбір 3 тарауды қорытындылап тұжырымдалған.

Диссертациялық еңбекте тақырыпқа байланысты аса мол ғылыми әдебиеттердің барлық дерлік қамтылған. Бұдан диссертацияның ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары нық бекем, әрі нақты бұлтарпастай болып бекітілген.

Бір сөзбен айтқанда, ғылыми зерттеуінде бұрын-соңды жарияланған ғылыми әдебиеттерді (Диссертациялық еңбекте 223 ғылыми әдебиет қолданылған, диссертацияның 199-209-беттерінде қараңыз) екшелеп, жүйелеп, сараптай келе, нақты лингвистикалық, әрі тарихи жазба деректер негіздеріне сүйенген. Демек, аталмыш диссертацияның ғылыми нәтижелері мол, салмақты еңбек болған деп жоғары бағалай аламыз.

Атап айтқанда, диссертациялық еңбекте сөз болып отырған мөлшер категориясына қатысты тұжырымдары мен қорытындыларын: «Көне түркі жазба ескерткіштері (V–IX ғғ.), «Күлтегін», «Білге қаған», «Ырқ бітіг», «Тариат», «Суджа», «Хойто-Тамир», «Тоникук», «Мойын-Чор» ескерткіштері; «Орта ғасыр жазба ескерткіштері (X–XII ғғ.)» – М.Қашқаридың «Түркі тілдер сөздігі»; «Қыпшақ жазба ескерткіштері (XIII–XIV ғғ.)» – «Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасы, «Мұхаббатнаме» ескерткіші, А.Ибатовтың «Қутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі»; «Хандық дәуір әдебиеті (XV–XVIII ғғ.)» Асан қайғы, Қазтуған жырау, Доспамбет

жырау, Шалкиіз жырау, Жиёмбет жырау, Марғасқа жырау, Ақтамберді жырау, Үмбетей жырау, Тәтіқара ақын, Бұқар жырау толғаулары, «Бес ғасыр жырлайды», Орталық ғылыми кітапхананың Сирек қолжазбалар қорындағы жыраулар поэзиясына, ескі ауыз әдебиетіне байланысты қолжазбалар; «Қазіргі заман тілдік мұралары (XIX–XX ғғ.)» XIX ғасырдағы Абай, Шәкәрім, Зарзаман ақындар поэзиясы, XX ғасыр басындағы Алаш мұрасы, Тәуелсіздік жылдардағы түрлі басылымдар, он бес томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Этимологиялық сөздік», сондай-ақ, ауызекі тілде, аймақтық сөйленістерде қолданылатын тілдік бірліктер негізінде шынайы әрі нақты дәлелдермен жүйелеп жасаған, толық аяқталған ғылыми еңбек болған деп айта аламыз.

Сонымен қоса, ізденуші Маралбек Ермұхамет мөлшер категориясына тікелей қатысты 1246 тілдік бірлік жинақтаған, 1590 мысал, 193 картотека жасаған. Бұдан диссертациялық еңбектің ғылыми толық базасын құрылғандығын ерекше айтуға болады, соның нәтижесінде ғылыми дәйекті тұжырымдарын жасаған.

4. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Аталмыш диссертациялық еңбектің ғылыми жаңалықтарын ізденуші Маралбек Ермұхаметтің аталмыш диссертациясынан тура сілтеме алып көрсетсек:

- «Мөлшер» – ең әуелі, философиялық категория, содан кейін адамзаттың тілдік санасы дамуының түрлі тарихи кезеңдерінде кең өріс алған тілдік категория. Мөлшердің пайда болуы мен өмір сүруі адам санасына тәуелсіз, субстантивті болады.

- «Дәстүрлі қазақ философиясында «мөлшер» ұғымы туралы философиялық таным бастауларының бірі – көне түркі кезеңі. «Мөлшер» ұғымы сол дәуір тілінен де көрініс тапты. Түркілер «мөлшер» ұғымын, ең әуелі, «уақыт» ұғымы аясында өмірлік концепцияға айналдырып, оны «мәңгі» сөзімен байланыстырды. Одан кейінгі тарихи кезеңдерде ислами дүниетаныммен ұштасып, шекті/шексіздік ұғымдарымен сипатталды және моральдық өлшемдер мен рухани құндылықтар аясында кең өріс алды. Хандық дәуір тұсында материалдық құндылықтармен жиі ұштасты. Сондай-ақ ырысты мекен, байлық, батырлық, адамгершілік қасиет, сапа ұғымдары шегінде қанат жайды. XX ғасырдан кейін «мөлшер» ұғымының логика-семантикалық құрылымы барынша тармақталып, адамзат руханиятының түрлі салаларында қолданылатын, түрлі кәсіп, мамандықтардың басты-басты ұғымдарын тоғыстырып жатқан аса ауқымды логикалық ұғымға айналды және оның мәні күн санап стандартизацияға бетбұра бастады».

- «Мөлшер категориясының сан тарау логикалық құрылымдары тілдік санада орнығып, тіл бірліктеріне айналады және тілдік категория құрайды. Мұнда халықтың, этностың, ұлттың тұрмыс-тіршілігі, арман-мұраты бағдарлаушылық сипатқа ие және бұған тарихи оқиғалар, саяси шешімдер тікелей өз ықпалын тигізеді. Осындай тілден тыс факторлардың нәтижесінде «мөлшер» ұғымында сол тілді тұтынушы халықтың рухани

кодтары қалыптасады».

- «Мөлшер» категориясы көне түркі кезеңінде-ақ тәсілдері мен лексика-грамматикалық формалары қалыптасып, толыққанды категориялық деңгейге жеткен. Мөлшер семантикасының түркілік кезеңдегі құрылымдануы мен грамматикалық формаға енуі көбіне қазіргі қазақ тілімен сәйкес келіп отырады. Бұл қазақ тілі көне түркі тілінің элементтерін көбірек сақтаған мұрагер тіл екенін нақты айғақтайды».

- «Қазақ тілі дамуы «жыраулар поэзиясы» (XV–XVIII ғғ. хандық дәуір) дәуір кезеңінде басқа тарихи дәуірлерге ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі, айрықша көркемдік қуатымен көзге түседі».

- «Қазіргі кезеңде қазақ тіліндегі мөлшер категориясы тілдің үш деңгейінде және бес түрлі функционалды стиль түрлерінде кеңінен көрініс табады».

- «Ұғымдар бойынша «уақыт», «қашықтық», «көлем», «аудан», «салмақ», «сыйымдылық», «құн», «сан», «сапа», «қимыл-әрекет» сияқты 10 түрлі микроұғымдар аясында көрініс табады. Ал сөз таптары бойынша зат есім, сан есім, сын есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, еліктеу сөздерінің мағыналық топтары арқылы және көмекші сөздер мен аналитикалық, синтетикалық формалар арқылы беріледі».

- «Адамзаттың тұрмыс-тіршілігінің барлық саласы стандартқа айналып бара жатқандықтан, мөлшер семантикасының мәні барынша нақтылық алып, сандық семантикаға ауысып келеді. Соның нәтижесінде «мөлшер» ұғымының логикалық құрылымы дәреже, деңгей, параметр, өлшем (стандарт), тепе-теңдік, симметрия және басқа да ұғымдармен кеңейіп келеді».

Аталмыш диссертациялық еңбекте қазақ тіл біліміне жаңа ғылыми теориялық концепцияны ұсынып отыр. **«Мөлшер категориясы» деген жаңа ғылыми теориялық қорытынды дайын болды деген сөз.** Оны қазақ тілі дамуының бес тарихи кезеңдері бойынша, мөлшер семантикалы синхронды және диахронды тіл бірліктерінің ұқсастығы мен айырым белгілері бойынша ғылыми тұрғыдан дәлелдеп көрсетіп отыр.

Бұған қоса, мөлшер семантикалы лексикалық, морфологиялық, синтаксистік бірліктердің тарихи парагдимасын толыққанды дәлелденген.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Аталмыш диссертациялық еңбектің практикалық маңыздылығы төменше бөлек. Қазіргі заманда тілдің қолданыстық аясында кезек күттірмей пайдаланысқа кеңінен енгізетін бай материалдары бар. Қазақ тілінің әлеуметтік статусын байытуға мол үлес қосады. Қазақ ұлтының өлшем бірліктерін қазіргі заман талабына сай қайта жаңғыртуға таптырмас зерттеу еңбек. Сондай-ақ жоғары оқу орындарында, орта мектептерде қазақ тілінің мөлшер категориясы бойынша оқулық әрі оқу құралы, пән ретінде енгізуге болатын арнайы тақырыптардың бірі бола алады. Тіпті, электронды әдістемелік құрал мен бағдарлама жасауға, қазақ тілінің дәстүрлі өлшемдерінің модельді картасы мен оның электронды нұсқасын жасауға

әбден жарайтын дайын ғылыми негізді деректер базасы бола алады.

Қазақ тіл білімінің теориялық зерттеулерінің кеңістігін байытқан іргелі ғылыми еңбек бола алады. Қазақ тілінің іргелі ғылыми грамматикасын дайындауға молынан пайдалануға болады. Тіпті түркологиялық, алтаистикалық зерттеулер үшін де теориялық тұрғыдан аса маңызды зерттеу еңбек боламақ.

Қазақ тіл білімінің функционалды-семантикалық, концептуалдық бағыттағы зерттеулеріне теориялық негіздердің бірі деп те санаймыз. Түркі әлемінің өркениеті мен қазіргі қазақ мәдениетінің тарихи-лингвистикалық сабақтастығын дәлелдеген үлгілі зерттеу еңбек деп айтуға әбден жарайды. Мөлшер категориясына қатысты болашақ ғылыми зерттеулерге бағыт-бағдар бере аларлық концептуалдық ғылыми еңбек болды деп мақтанышпен айтуға толық негіз бар.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктілігіне растама.

Ізденуші Маралбек Ермұхамет аталмыш диссертация тақырыбы бойынша «Сан-мөлшер категориясының функционалды-семантикалық өрісі», «Мөлшер есімдіктер», «М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі «мөлшер-өлшем» ұғымын білдіретін соматизмдер», «Поэтикалық тілдегі «мөлшер» ұғымының көрінісі», «Мөлшер ұғымын берудің әлем тілдеріне ортақ ежелгі синтаксистік конструкциясы», «М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі өлшем бірліктер» ғылыми мақала жарияланған және «Мөлшер категориясын зерттеудің логика-семантикалық тәсілдері», «Поэтикалық мәтіндерде «мөлшер» ұғымының теңеу тәсілі арқылы берілуі», «Поэтикалық тілдегі «мөлшер» ұғымының әсірелеу (гипербола) тәсілі арқылы берілуі», «Мөлшер категориясының поэтикалық ерекшелігі, метафора және эпитет тәсілдері арқылы берілу жолдары туралы» атты ғылыми баяндамалар жасалған.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Ізденуші Маралбек Ермұхаметтің аталмыш диссертациялық зерттеу еңбегінің мазмұнында ғылыми тұрғыдан қандай бір кемшілік, олқылықтар жоқтың қасы.

Тек бірең-сараң: «АЙ – Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегі, АХ – «Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасы» деген қысқартулардың орны ауысып кеткен (Диссертацияның 3-бетінде), «Е.З.Қажыбек [128] Ж.Манкеева [129]» дегенде үтір қалып қалған (Диссертацияның 26-бетінде). Демек бұлар – аталмыш диссертацияның салмақты да іргелі зерттеулері мазмұнына ешқандай әсері жоқ, болымсыз нәрселер.

Ұсыныс ретінде айтарымыз, ізденуші Маралбек Ермұхаметтің аталмыш іргелі де салмақты диссертациялық зерттеу еңбегін түрік, ағылшын, орыс тілдеріне аударып, жарыққа шығаруға әбден лайықты, аса маңызды деп білеміз.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Сөйтіп, ізденуші **Маралбек Ермұхаметтің «Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы (лингвистикалық аспектіде)» «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы «Ғылыми дәреже беру ережелері»-нің талаптарына толық сәйкес.**

Ізденуші **Маралбек Ермұхаметтің диссертациялық зерттеуінде алға қойған мақсатына әбден жеткен, міндеттерін толық орындаған іргелі де салмақты ғылыми еңбегімен «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін әбден лайықты деп бағалаймыз.**

Халықаралық Түркі академиясы
Ғылым бөлімінің аға сарапшысы,
филология ғылымдарының кандидаты

Нұр-Сұлтан қаласы,
16-қазан, 2020 жыл

